



Оразамбай БЕКБАЕВ,
мүсінші:

Семейде белгілі абайтанушы Қайым Мұхамедхановтың ескерткіші ашылды. Оның авторы – үржарлық Оразамбай Бекбаев. Ол тек суретші, мүсінші ғана емес, шежіреші, тарихшы. Тарбағатайдың күнгейін зерттеуге келген археолог, ғалымдардың Орекеге соқпай, өңір тарихы жайлы мағлұмат алмай кетпегені жоқ. Ол бірнеше монографиялық шығармалардың авторы. Таяуда ғана жарық көрген «Найманқала және Шоқан» атты ғылыми еңбегі жұртшылықтың үлкен қызығушылығын тудырды. Мүсінші Оразамбай Бекбаевпен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

- Қайым БЕЙНЕСІН СОМДАУДЫ ОТЫЗ ЖЫЛ Бұрын бастағанмын

Әсеттану сабағын да жүргіздім

– Ореке, 2007 жылы атақты өнші, Шығын Әсет Найманбайұлының мүсінші Оразамбай Бекбаевтің жасағаныңызды білеміз. Ол қазір Семейде қанша ақын мұражайының алдында тұр. Естуімізше, тағы бір үлкен істі жасап отырсыз...

– Мен Әсетті зерттегені тура 30 жыл болып. Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының көркемсурет графика факультетін бітіргенде дипломдық жұмысым осы Әсет Найманбайұлы еді. Бір кездері ақынның соңына таңырқан құнды дүниелерін насихаттау үшін жас ұрпаққа Әсетті таныту мақсатында Әсеттану атты сабақ та жүргіздім, бірнеше монографиялық еңбектерім бар. Үржардың тарихы, белгілі ақын Құсмілия Нұрқасым Әсеттің шығыншы да, Қайым Мұхамедханов туралы да бірнеше құнды еңбектер жазды. Әсіресе, «Кәрі Абай туралы балладасында» Қайымның бүкіл шығармаларын, тағдырын жырлайды. Сол сияқты, “Топтанғандардың тұлпар” атты ғылыми-зерттеу еңбегі Әсетке арналған ескерткіш дерсің. Әсеттің Найманбайұлын да, Қайым Мұхамедхановты түбегейлі зерттеп жүрген ғалымдарымыз аз емес. Сөйтіп, былтырдан бері белгілі абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедхановтың бейнесін жасауды қолыма алған едім.

Сіз Әсетті суретші, мүсінші ретінде биологиялық, генетикалық, антропологиялық жағынан көп зерттедіңіз. Қайым Мұхамедхановқа қанша уақыт аядаңыз?

– Шынын айтқанда Қайым бейнесін сомдауым мен осыдан отыз жыл бұрын бастағанмын. Шама лаға шүкір, қазір жұмыс аяқталды, дегенмен үшін Қайымды сомдау әлі жалғаса бермек. Әсет туралы әңгіме басқа. Ең алдымен, мен Әсеттің 1918 жылы түскен суретінен басқа қандай бейне-дерек болмады. Сосын 70-ші жылдардан бастап мен Әсетке антропологиялық жағынан ұқсастығы бар туыс-туған, үрім-бұтағының біршамасын суретке түсіріп алып жүрдім, эскиздерін жасап келдім. Қожакенің Әсеттің ұлы) суретін көрсеткенімде, Әсеттің артын көрген, 1899 жылы туған Шаяхмет ақсақал біршама ойланып отырып, Қожакенің Әсетке қарағанда, танауының сәл кеңдігін білгені. Тіпті, сол Шаяхмет ақсақалдың өзінің де Әсетке жағынан ұлы ақынға жақындығы бар. Әсеттің қызы Сәмегәймен (Шәмшіфару) менің өңгімелесіп, ақынның түр-түсіне, сыртқы тұлғасына түскендей болдым. Бұған дейін Әсет Найманбайұлының әр жылдары әртүрлі суретшілермен жасап жүріп, көзімнің жеткені: Әсеттің қызы басына шыт байлаған қалпы көз алдына естерде. Сондықтан, ақынның басына бөрік, қызыл маса такія кигізу өрескел. Олай болған жағдайда былайғы жұрт қабылдай алмайтыны есімде. Сөйтіп, 84 жастағы ұстазым Николай Журавлевпен ақылдаса келіп, ақынның мүсінін жасау басына шыт байлаған, асқақ кейіпте болуы керек деп шештік. Ал Қайым ағамен ұзақ жылдар таныс танысқан, сұхбаттас болып, үйіңде қонақ болып жүрдім. Ол кісі де бала-шағасымен менің басыма шыт қабылдай алмайтын еді. Өте ұлы, алайда өз дегенінен қайта қоймайтын. Сөйтіп, қажымас қайрат иесі еді ғой. Қажеттен қажеттен жағдайда өзім деген, көкірек көзі ояу адамдармен сырлас, сұхбаттас болуға да даяр болдым. Әлі есімде, 1976 жылы сол кездегі Аягөз ауданының Қарақол ауылында (қазір Үржарға қарай) тұратын жәдитше де, қадымша көп оқыған Мәлғаждар деген жездемді ұстазыма шытыруға Қайым ағаның үйіне алып келдім. Олай болса, осы сол жолы ұзақ өңгімелескен-ді. Бұл кезде мен Қайым Мұхамедхановпен бірге Семейдің педагогикалық институтында сабақ беремін. Осы кезеңде қызметтес болған жылдар ішінде ол кісінің

эскиздерін, әртүрлі суреттерін сала бергенім оң болған: қазір оның қиялымдағы анық бейнесін жарыққа шығара алдым деп ойлаймын. Жалпы, Кәкеңнің тағдыры күрделі, сан қатпарлы ғой, мақсат – соны көрсете білу.

Асқақ романтизм мен шыншыл реализмнің астасуы тиіс

– Ореке, сіз Роден мен Әсет ғашықтық пен махаббат жыршылары деген пікірді көп айтасыз. Сіз сонда атақты мүсінші Огюст Роденді меңзеп отырсыз ба?

– Иә, атақты Огюст Роденді айтам. Рас, Роден жер бетінде Әсеттей ақынның барын білмеген шығар. Дейтұрғанмен, мені екеуінің де махаббат жырын жырлаудағы ұқсастықтары таңдандырады. Роден ғұмыр кешкен сол бір тұста Парижде сексен мың қылқалам шебері, қырық мың мүсінші болса, ол солардың көшбасшысы еді. Мыңдаған мүсіншілер оның алдын көруге, сабақ алуға құмар болды. Оны айтасыз, тісқаққан кексе әйелдер жас қыздарының Роден мраморына түсуін қалап, өз қолдарымен шебердің алдына жетектеп әкелетін. Бұл бір жағынан ұлы суретшінің мәңгілік туындысына айналу болса, бір жағы пұл табудың амалы еді. “Өнер күшке бітеді” дегендей, Роденнің түр-сипатының өзі де өзінің “Мыслитель” атты туындысына ұқсаған кескен емендей, шомбал, бұлшық еттері білеудей болатын. Бүкіл Париж сәулелерінің ішінен таңдап алған натурщица ғашығы мүсіншінің Музасына айналды. Махаббат отына күйген шебер Ромео мен Джульетталарды мәрмәрға айналдырған. Бүгін де Роденнің махаббат жырлары – Санкт-Петербургтегі Эрмитажда тұрған, әлемді шарлап кеткен махаббат мраморлары. Әсет те солай. Әсеттің өзі мен сүйген жары, шығармашылығының қайнар бұлағы – Тәтежан Жылқышықызы ма дейсің. Қиял қанатына мініп, Париж бен Тарбағатайдың бауырын шарлапсың... Ғаламат ұқсастық пен гармонияны байқайсың.

– Әсілі, кез келген өнер адамы тек туған жерінен ғана нәр алып қоймайды дейсіз ғой...

– Әсеттің Тәтежанға қалай қосылуы – өздеріңізге мәлім. “Ақын Әсетпін” деп танысқан мұны Жылқышы қажының сынға алғаны, оның “Қызыл табан, ағаш ат” поэмасын табанда шығарғаны белгілі. Яғни, естіген ертегіні ақын демде өлең жолдарымен кестелеп, өрнектеп жеткізеді. Дәл сол түні қажының өз қызын Әсетке қосудың не деуге болады? Әлгі бір мезеттегі тісқаққан кексе әйелдердің Роденге натурщицалыққа ұсынған қыздары мен қажының Тәтежанының өнер құдіретінің алдында бас иіуі дейміз бе?... Дейміз, әрине. Әсеттің махаббат Музасына айналған Тәтежан болғаны анық...

Қайым аға бейнесі де осындай асқақ романтизм мен шыншыл реализмнің астасуындай таза да тұнық болғаны ләзім. Олай болмайынша, өнер туындысынан жалғандықтың лебі есері анық, Әрине, бұл тұрғыда өзімнің ұстазым, профессор Николай Журавлевтен алар ақыл-кеңес көп. Айтпақшы, ол кісі жайлы айта кетейін. Аса дарынды Н.Журавлевтің қазақ скульптура өнеріне қосқан үлесі ұлан-ғайыр. Мәселен, оның туындылары Әбілхан Қастеев атындағы өнер мұражайында тұр. Алматының көшелерінде Ораз Жандосовтың, Д.Фурмановтың мүсіндері, «Саяхат» автобекетінің қарсы бетінде «Кеңес өкіметі үшін» атты монументі бар. Бұл адамның өмірі де қайшылықтарға толы. Ресейде туған, балалық шағы немістің концлагерінде өткен. Қазір жасы 80-нен асса да 55 жылдан бері дәріс беріп келеді. Өнер академиясының академигі. Бір сөзбен айтқанда, скульптура өнерінің «жілігін шағып, майын ішкен» адам.

Үржардан шыққан батырлардың мүсінін жасап келемін

– Мұнымен қоса Сіз Үржар ауданында жиырма батырдың мүсінін жасап жатыр деген естиміз...

– Иә, аудан әкімі Бауыржан Жанақовтың шешімімен осы өңірден шыққан Кеңес Одағының

ие болуы қажет. Ал кейінгі жылдары мұндай игі құндылықтарымыздың көмескі тарта бастаған шағында өңірімізге Бердібек Мәшбекұлындай азаматтың келуі біздің зор бағымыз деп білу керек. Бұл әсіресе рухани, әлеуметтік хал-ахуалымыздың қайта түлеуіне әкелді.

– Ореке, өмірде кімнен көп үйрендіңіз, жалпы, кімдерді ұстаз санайсыз?

– Мен туып-өскен орта – қазақилығы басым, ғылым замандардан келе жатқан салт-дәстүрді



Батырлары мен Еңбек Ерлерінің мүсіндерін де жасап келемін. Бүгінге дейін оның 20-сы дайын болды, Алматыдағы ауыр машина жасау зауытында құйдырудамыз. Алла қаласа, «Батырлар аллеясы» Үржардың ең көрікті алаңына айналмақ. Жас ұрпақты өз Отанын қорғай алатын патриотизмге тәрбиелеуде мұндай істердің де атқарар рөлі зор. Бірнеше жыл бұрын аудан орталығындағы Абай атындағы орта мектеп-лицейдің алдына Абай мүсінін орнаттық. Әрине, мұның бәрі шедевр еді деуден аулақпын, дегенмен өз миссиясын атқарғаны анық. Сөздің сырлығы ретінде айтып жатқаным ғой.

– Сіз скульпторсыз және көне тарихпен, ата-баба шежіресін жинақтаумен де айналысасыз. Осылардың өнеріңізді шыңдауға, жақсы туындыларды дүниеге әкелуге септігі тие ме?

– Әлбетте, кез келген өнер адамы, тіпті қарапайым азаматтың өзі мұндай асыл құндылықтарымызға қызығып, оны әспеттесе одан «жә» деген азаматтың шыға қоюы екіталай. Өнерді бағаламау, ата-баба дәстүрін менсінбеу құндылықтарымызды бағаламаудан туады. Ғасырлардан жеткен мұраларымызды ұрпақ санасына сіңіру мақсатында жастарға барымызды бағалата білуіміз керек-ақ! Мәселен, өзің айтып отырған «Найманқала және Шоқан Уәлиханов» атты монография да осындай игі ойдан туды. Тарбағатайдың қойнау, қатпарларына жыл сайын саяхат жасағанда көріп жүрміз: мұнда көне сақ дәуірінен, қола дәуірінен жеткен белгілер өте көп. Петроглиф дейсіз бе, атқа мініп найза ұстаған жауынгер дейсіз бе, тұнып тұр. Менің арманым да осы жерлерді «Мәдени мұра» аясында көне жәдігерге айналдырып, туризм кластерінің бір парағы ету, ұрпақ тәрбиесіне көрнекілік қылу. Бұдан еш ұтылмаймыз. Бұл тұрғыдан келгенде облыс Әкімі Бердібек Сапарбаев тыңға түрен салғандай рухани өмірімізге жаңа бір леп әкелді десек, артық айтқандық емес. Әсіресе, Абай бабамыздың Өскеменге оралуы халқымыздың рухын бір көтеріп тастады. Тұтастай алғанда ескерткіштің жасалуы өте сәтті шыққан. Әрине, Алматыдағы М.Әуезовке, Ш.Уәлихановқа ескерткіш сомдаған шебердің қолынан жаман дүние шығуы мүмкін емес қой. Біздің түсінігімізше, бұл Шығыстағы үлкен шаруалардың басы. Келешекте атқарылар істер орасан. Өйткені, Шығыс өңірі жалпы түркі мәдениетінің бастауы болғандықтан, мұнда өзіміздің салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз жаңғырып, жаңа сипатқа

берік ұстанған ауыл. Шынын айтсам, орыс ұлтын 30 шақырымдағы аудан орталығы – Үржарға келгенде көретініз. Тәрбиеміз де соған сай ұлттық болды. Соның да әсері болар, жас шағымызда ұяндау болып өскендіктен, талай нәпақамыздан қағылғандай да күй кешкеніміз рас. Осындайда өзімнің досым, белгілі ақын Құсмілия серіден үйренерім көп болды. Таудың шақпағына жанығандай қылпылдап тұрған өткір Құсан өзінің адамгершілігімен, асқан өнерпаздығымен бәрімізді тәнті етіп келеді. Өмірдің сан тарау, қилы жолдары кейіннен мені Николай Журавлев, Қайым Мұхамедхановтай асылдармен жолықтырды, көп үйрендім. Әсілі, Абайдың «баланы үйретуге кеш болады деген адамның тілін кесер едім» деген мағынадағы сөзі шындық қой. Абай бабамызды ең басты ұстаз санайтыным да рас. Абай демекші, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын жиырма алты жасымда Семей қаласында Қайыммен бірге институтта сабақ беріп жүргенде екінші қайыра оқыдым. Қатты әсер етті. Мектеп қабырғасында жүргенде ары-бері қаузап, тісім батпай қойған, бәлкім, өремнің жетпеуі шығар. Қазір алпысқа таянғанда осы бір жауһарымыздың соншалықты құнды екендігіне тәнті болған жайым бар. Кейде бүкіл шығарманы орыстың атақты суретшісі В.Суриковтың «Утро стрелцкой казни» атты полотносынан көргендей боламын. Анау бір шетте І Петр көзі жайнап, болып жатқан құбылысқа тесіле қарап тұрса, дарға асылуға әкелінген «рыжий стрелцтің» де екі көзі – Петр патшаны тесіп, ішіп-жеп барады. Сонда сол жердегі барлық қимыл-қозғалысты, сапырылысқан адамдарды алып тастасаң да шығарманың бүкіл тағдырын жаңағы екеуі шешіп тұр. «Абай жолында» да Құнанбай мен ұлының арасындағы келіспеушілікті байқағандай боласың. Өмірдің өзі – тәрбиеші, ұстаз. Өзі үйретеді, соның ыңғайына көніп, айдаған жағына қарай майпаңдай басасың. «Арқасына батқан ат аяңшыл болады» дегендей, аяңшыл боласың, бірақ өмірдегі өзіңнің орнықты, намысыңды жоғалта бермеу керек. Олай болмайынша, адамдық қасиеттен айырылғандық деп біл. Ал сол құндылықтарымыздың жоғалмауы бәрімізге байланысты.

Сұхбаттасқан – Берікхан Тайжігіт

СУРЕТТЕ: Семейдегі Қайым Мұхамедхановқа арналған ескерткіш-монумент.

Үржар ауданы.